

**Жиынтық бағалауға арналған  
әдістемелік ұсыныстар**

**«Қазақ тілі мен әдебиеті»  
(екінші тіл – Т2)**

**6-сынып**

Әдістемелік ұсыныстар мұғалімге 6-сынып оқушыларына «Қазақ тілі (екінші тіл)» пәні бойынша жиынтық бағалауды жоспарлау, ұйымдастыру және өткізуге көмек құралы ретінде құрастырылған. Әдістемелік ұсыныстар (орыс тілінде білім беретін) 6-сыныптың «Қазақ тілі (екінші тіл)» пәні бойынша оқу бағдарламасы мен оқу жоспарының негізінде дайындалған.

Бөлім/ортақ тақырып бойынша жиынтық бағалаудың тапсырмалары білім алушылардың тоқсан бойынша жоспарланған оқу мақсаттарына жету деңгейін анықтауға мүмкіндік береді.

Әдістемелік ұсыныста бөлім/ортақ тақырып бойынша жиынтық бағалауды өткізуге арналған бағалау критерийлері мен дескрипторлары бар тапсырмалар ұсынылған. Сондай-ақ, жинақта білім алушылардың оқу жетістіктерінің мүмкін деңгейлері (рубрикалар) сипатталған. Дескрипторлары мен балдары бар тапсырмалар ұсыныс түрінде берілген.

Тоқсандық жиынтық бағалауды өткізу үшін спецификация мен балл қою кестесі ұсынылған. Спецификация стандартталған және оны тоқсандық жиынтық бағалауды өткізуде басшылыққа алу міндеттелген.

Әдістемелік ұсыныс мұғалімдерге, мектеп әкімшілігіне, критериалды бағалау бойынша мектеп үйлестірушілеріне және басқа да мүдделі тұлғаларға арналған.

Әдістемелік ұсынысты дайындау барысында ресми интернет-сайттағы қолжетімді ресурстар (суреттер, фотосуреттер, мәтіндер, аудио және бейнематериалдар) қолданылды.

### ***Шартты белгілер***

*\* әр тоқсан барысында 2 ортақ тақырып қамтылатынын ескеріп, оқу мақсаттарына қол жеткізу үшін берілетін тапсырмалар мазмұнына ортақ тақырыптарды (мүмкіндігінше) кіріктіру ұсынылады.*

*\*\* бағдарламадағы оқу мақсаттарының бір бөлігі қолданылады.*

## М А З М Ұ Н Ы

1-ТОҚСАНҒА АРНАЛҒАН ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУ ТАПСЫРМАЛАРЫ	4
«Отан отбасынан басталады»	4
«Қазіргі қазақ ауылы мен қаланың тыныс-тіршілігі», «Таулар сыры»	7
2-ТОҚСАНҒА АРНАЛҒАН ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУ ТАПСЫРМАЛАРЫ	10
«Қуат көзін үнемдей білеміз бе?», «Астана – мәдениет пен өнер ордасы»	10
«Менің туған өлкем өлеңдер мен прозада», «Қазақстан қорықтары»	14
3-ТОҚСАНҒА АРНАЛҒАН ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУ ТАПСЫРМАЛАРЫ	17
«Болашақ мамандықтары»	17
«Қазақстан және Ұлы Жібек жолы», «Жер байлығына аяулы көзқарас», «Олимпиада жеңімпаздары – Қазақстан мақтанышы»	20
4-ТОҚСАНҒА АРНАЛҒАН ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУ ТАПСЫРМАЛАРЫ	23
«Абайды оқы, таңырқа!»	23
«Қазақ ұлттық колөнері», «Саяхат және туризм»	27

**1-тоқсан бойынша жиынтық бағалауға арналған тапсырмалар**  
**Бөлім «Отан отбасынан басталады»**

**Сөйлеу әрекетінің түрлері** Тыңдалым  
Айтылым

**Оқу мақсаты** 6.1.1.1.Тірек сөздер, мәтіннің бастапқы бөлігін тыңдау арқылы тақырыпты және көтерілетін мәселені болжау  
6.2.2.1.Тақырып бойынша диалогті бастау, жалғастыру, аяқтаудың ұлттық сөз әдебі мен сөйлеу этикеті формаларын білу

**Бағалау критерийі** *Білім алушы*

- Мәтін бөліктері, тірек сөздер негізінде тақырыпты, мәселені болжайды
- Диалогке қатысуда сөз әдебі мен сөйлеу этикеті формаларын қолданады

**Ойлау дағдыларының деңгейі** Қолдану

**Орындау уақыты** 15-20 минут

**Тапсырма**

1. Мәтіннің бөліктерін тыңдап, әр бөлігіндегі тірек сөздерді анықтаңыз.

Отбасы дегеніміз – туыскандық байланыста бірлесіп өмір сүретін адамдар. Олар отбасында мемлекеттік заңдар мен ережелерді сақтайды. Отбасы – адам баласының өсіп-өнер, қаз тұрар, қанат қағар ұясы, алтын бесігі. Отбасында қалыптасқан барлық жақсы қасиеттер өмір бойына серік болады. Оны ешкім түзете алмайды.

Тірек сөздер:

--	--	--	--

Дәстүрлі қазақ отбасында ата-ана ерекше құрметтелген. Олардың тікелей үрім-бұтақтары ата-аналарын қартайғанда қамқорлыққа алуға міндетті болған. Қазақстан Республикасының Конституциясында ата-аналар мен олардан тараған балалардың құқықтық қарым-қатынастары заңды түрде бекітіліп, өркениетті жолдармен қорғалады. Ата-ана балаларының тәлім-тәрбиесіне қаншалықты жауапты болса, балалар да кейін әкешелері қартайған шағында қамқорлық жасауға міндетті.

Тірек сөздер:

--	--	--	--

Қазақ отбасында әкенің орны ерекше. Әке – отбасының тірегі. Отбасы мүшелері әкені тыңдайды. Ананың орны да ерекше. Әке де, балалар да ананы сыйлайды. Әке мен шеше ақылдасып, үйленген ұлдарына енші бөледі, тұрмысқа шыққан қыздарына жасау береді. Қазақ отбасында қыздың орны да үлкен. Қызды ерекше құрметтейді.

Тірек сөздер:

--	--	--	--

Кенже бала - отбасындағы ең кіші бала, кіші ұл. Кенже баланың өз отбасы болса да, ата-анасымен бірге тұрады. Себебі ол – қара шаңырақтың иесі. Қара шаңырақ - үлкен үй, әке-шеше үйі. Қара шаңыраққа барлық осы отбасының балалары, туыстары жиналады. Қара шаңырақта балаға туыстарын, нағашыларын, ата-бабасын, үлкен аталарын, жеті атасын үнемі айтып отырған.

Тірек сөздер:

--	--	--	--

2. Тірек сөздердің көмегімен мәтінге тақырып қойыңыз.

Тақырып: \_\_\_\_\_

3. Жұпта «Отан отбасынан басталады» тақырыбында диалог құрастырыңыз. Тыңдалым мәтініндегі тірек сөздер мен сөз тіркестерін қолданыңыз.

Бағалау критерийі	Тапсырма №	Дескриптор	Балл
		Білім алушы	
Мәтін бөліктері, тірек сөздер негізінде тақырыпты болжайды	1-2	мәтін бөліктеріндегі ең маңызды тірек сөздерді анықтайды;	1 1 1 1
		тірек сөздердің негізінде мәтінге тақырып қояды;	1
Диалогке қатысуда сөз әдебі мен сөйлеу этикеті формаларын қолданады	3	тақырып төңірегінде диалогке қатысады;	1
		диалог мазмұнында тірек сөздерді қолданады.	1
<b>Барлық балл</b>			<b>7</b>

**«Отан отбасынан басталады» тақырыбы бойынша жиынтық бағалаудың нәтижесіне қатысты  
ата-аналарға ақпарат ұсынуға арналған рубрика**

<b>Бағалау критерийі</b>	<b>Оқу жетістігі деңгейі</b>		
	<b>Төмен</b>	<b>Орта</b>	<b>Жоғары</b>
Мәтін бөліктері, тірек сөздер негізінде тақырыпты болжайды	Мәтін бөліктеріндегі ең маңызды тірек сөздерді анықтауда, тірек сөздердің негізінде мәтінге тақырып қоюда қиналады <input type="checkbox"/>	Мәтін бөліктеріндегі ең маңызды тірек сөздерді анықтауда, тірек сөздердің негізінде мәтінге тақырып қоюда қателеседі <input type="checkbox"/>	Мәтін бөліктеріндегі ең маңызды тірек сөздерді дұрыс анықтайды, тірек сөздердің негізінде мәтінге тақырып қояды <input type="checkbox"/>
Диалогқа қатысуда сөз әдебі мен сөйлеу этикеті формаларын қолданады	Тақырып төңірегінде диалогке қатысуда, диалог мазмұнында тірек сөздерді қолдануда қиналады <input type="checkbox"/>	Тақырып төңірегінде диалогке қатысуда, диалог мазмұнында тірек сөздерді қолдануда қателіктер жібереді <input type="checkbox"/>	Тақырып төңірегінде диалогке қатысады, диалог мазмұнында тірек сөздерді қолданады <input type="checkbox"/>

## Бөлім «Қазіргі қазақ ауылы мен қаланың тыныс-тіршілігі», «Таулар сыры»

<b>Сөйлеу әрекетінің түрлері</b>	Оқылым Жазылым
<b>Оқу мақсаты</b>	6.3.4.1. Мәтіндердің тақырыбына, мазмұндық құрылымына сүйене отырып, түрлерін салыстыру 6.4.1.1. Мәтіндердің стильдік ерекшелігін сақтай отырып, күнделік, мінездеме, түсініктеме, өмірбаян жазу 6.5.1.3. Реттік сан есімдер мен жинақтық сан есімдерді жазба, ауызша жұмыстарда орынды қолдану
<b>Бағалау критерийі</b>	<ul style="list-style-type: none"><li>• Мәтіндердің стильдік, жанрлық ерекшелігін, түрін салыстырады</li><li>• Күнделік, мінездеме, түсініктеме, өмірбаян жазады</li><li>• Реттік, жинақтық сан есімдерді қолданады</li></ul>
<b>Ойлау дағдыларының деңгейі</b>	Қолдану
<b>Орындау уақыты</b>	15-20 минут

### Тапсырма

1. Мәтіндерді оқып, стилін, жанрын салыстырыңыз.

1-мәтін

Бәтеңке,

Шұжық,

Балқаймақ,

Дүкенде тұрып ұрысты.

Бәтеңке шықты айғайлап:

Айту керек дұрысты!

Сен екеуің кімсіңдер,

Мені айтындар мүлік деп,

Құр мақтанып жүрсіндер,

Жұрт та сырттан күліп көп.

...Білмейсіңдер, өмірге

Кім пайдалы, кім мықты,

Кәне, екеуің жеңіл де,

Мойындаңдар шындықты.

...Таласты олар ұзақ түн,

...Кетті айтыс ұзап тым,

Бір бітімге келмеді...

Бақта оянды әнші құс,

Ай да қалғып барады.

Шымқай тартты күн шығыс,

Алтын арай тарады.

Бәтеңке,

Шұжық,

Балқаймақ,

Жатыр әлі айғайлап...  
 Бірін-бірі мінеді,  
 Керкілдесті, керісті.  
 Жүгінетін біреуді,  
 Табалық деп, келісті.

2-мәтін

Биігін қар көмкеріп алақанаттанып жататын Алатау – табиғаты әсем Қазақ жеріндегі ең ірі тау жоталарына жатады. Оның қазақ үшін орны бөлек. Алатауды ән-күйге қоспаған ақын-жазушы жоқ шығар, сірә...

Жер жәннаты Жетісуға көрік беріп тұрған Алатаудың қойнауы құтты – ауасы таза, шипалы судың көзі, мұнда өсімдіктің түр-түрі өседі, жануардың да түрі көп. Шыңды-құзды тау биігін қарлы шыңдар басып жатыр, қалың мұздақтар көп, тау етегінде – орман, аңғарында – шалғын. Қойнауы құпияға толы Алатау қазақ үшін биіктіктің, асқақтықтың символына айналған. Флора мен фаунаға аса бай сұлу табиғаттың Алатау аталатын ғажайыбы осы жерді мекендеген халық үшін де, келген-кеткен қонақтар үшін де үнемі сағындырып тұратын ерекше күшке ие.

Салыстыру аспектілері		
	1-мәтін	2-мәтін
Стилі		
Жанры		
Мәтін түрі		

2. Мәтіндерге ат қойыңыз.

1-мәтін	2-мәтін

3. Жанрлық ерекшелігін сақтап, өз өмірбаяныңды жазыңыз. Реттік сан есімдерді қолданыңыз.

Бағалау критерийі	Тапсырма №	Дескриптор	Балл
		Білім алушы	
Мәтіндердің стильдік, жанрлық ерекшелігін, түрін салыстырады	1-2	мәтіндердің стилін анықтайды;	1
		мәтіндердің жанрын анықтайды;	1
		мәтіндердің түрін анықтайды;	1
		мәтіндерге сай тақырып қояды.	1
Күнделік, мінездеме, түсініктеме, өмірбаян жазады. Реттік, жинақтық сан есімдерді қолданады	3	жанрлық ерекшелігіне сай өмірбаян жазады;	1
		өмірбаян мазмұнында кем дегенде 2-3 реттік сан есімді қолданады.	1
<b>Барлық балл</b>			<b>7</b>



**«Қазіргі қазақ ауылы мен қаланың тыныс-тіршілігі», «Таулар сыры» ортақ тақырыбы бойынша  
жиынтық бағалаудың нәтижесіне қатысты  
ата-аналарға ақпарат ұсынуға арналған рубрика**

<b>Бағалау критерийі</b>	<b>Оқу жетістігі деңгейі</b>		
	<b>Төмен</b>	<b>Орта</b>	<b>Жоғары</b>
Мәтіндердің стильдік, жанрлық ерекшелігін, түрін салыстырады	Мәтіндердің стилін, жанрын, түрін анықтауда, мәтіндерге мазмұнға сай ат қоюда қиналады <input type="checkbox"/>	Мәтіндердің стилін, жанрын, түрін анықтауда, мәтіндерге мазмұнға сай ат қоюда кателеседі <input type="checkbox"/>	Мәтіндердің стилін, жанрын, түрін анықтайды, мәтіндерге мазмұнға сай ат қояды <input type="checkbox"/>
Күнделік, мінездеме, түсініктеме, өмірбаян жазады. Реттік, жинақтық сан есімдерді қолданады	Өмірбаянның жанрлық ерекшелігін сақтап жазуда, реттік сан есімдерді қолдануда қиналады <input type="checkbox"/>	Өмірбаянның жанрлық ерекшелігін сақтап жазуда, реттік сан есімдерді қолдануда кателеседі <input type="checkbox"/>	Жанрлық ерекшелігі толық сақталған өмірбаян жазады, реттік сан есімдерді қолданады <input type="checkbox"/>

**2-тоқсан бойынша жиынтық бағалауға арналған тапсырмалар**  
**Бөлім «Астана – мәдениет пен өнер ордасы», «Қуат көзін үнемдей білеміз бе?»**

<b>Сөйлеу әрекетінің түрлері</b>	Тыңдалым Айтылым
<b>Оқу мақсаты</b>	6.1.3.1 Тұрмыстық-әлеуметтік тақырыптарға байланысты жаңа сөздер мен тірек сөздердің мағынасын түсіну 6.2.6.1. Тірек сөздерге сүйеніп, сюжетті суреттердің желісі бойынша әңгіме құрастыру
<b>Бағалау критерийі</b>	<ul style="list-style-type: none"><li>• Тақырыпқа қатысты сөздер мен тірек сөздердің мағынасын ашады</li><li>• Тірек сөздерді қолданып, сюжетті суреттерге әңгіме құрастырады</li></ul>
<b>Ойлау дағдыларының деңгейі</b>	Қолдану
<b>Орындау уақыты</b>	15-20 минут

### **Тапсырма**

1. Мәтінді тыңдаңыз. Сөйлем мазмұнына сай көп нүктенің орнына берілген сөздер мен сөз тіркестерін қойыңыз (аумағымен, шымылдығын, сән-салтанатымен).

«Астана Опера» мемлекеттік опера және балет театры Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың бастамасымен 2010-2013 жылдары салынды. Театрдың салтанатты ашылуында Елбасы: «Зауыттар мен жолдар салатын ел, берік тірегін болашақ жылдар бойына орнатады. Мектептер мен аурухана салатын ел, ұлт болашағының ондаған жылдар бойғы қамын жейді. Театр тұрғызатын ел ғасырлар арқылы болашағына көз тігеді», – деген еді.

Есілдің сол жағалауында орналасқан «Астана Опера» театры асқақ сән-салтанатымен көз тартады. Ғимараттың жалпы ауданы 64 мың шаршы метр. Оның 3000 шаршы метрін сахна аумағы алып жатыр. «Астана Опера» өзінің көлемімен ғана емес, сонымен қатар, әсем сәулетімен де таң қалдырады. Әлемдік сәулет өнерінің ең үздік классикалық дәстүрлері ескеріле салынған театр сәулетінде ұлттық нақыш айқын байқалады.

Театрдың Үлкен залы 1250 орынға есептелген, ал Камералық зал 250 адамға арналған. Техникалық мүмкіндіктері бойынша «Астана Опера» көптеген әлемдік театрлардан асып түседі десек артық айтқандық емес.


2013 жылдың 21 маусымында театр өзінің алғашқы маусымын М.Төлебаевтың ұлы туындысы – Абзал Мұхитдиновтың жаңа музыкалық редакциясындағы «Біржан – Сара» операсымен салтанатты түрде ашты.

(a) Сол жақ жағалауда тұрғызылған «Астана Опера» театры ерекше ..... көркем.

(b) «Астана Опера» өзінің ..... қатар, көркем сәулетімен де таңдай қаққызады.

(c) «Біржан – Сара» операсы салтанатты түрде театрдың ..... ашты.

2. Мәтіннен ең маңызды 5 тірек сөзді жазыңыз.



3. Суреттердің, тірек сөздердің көмегімен Астанадағы Қала күні мерекесінің тойлануы туралы досыңызға әңгімелеңіз.



ұлт аспаптар оркестрі



ұлттық өнер



мерекелік концерт



өнер тарландары



мерекелік отшашу



ұлттық қолөнер көрмесі

Бағалау критерийі	Тапсырма №	Дескриптор	Балл
		Білім алушы	
Тақырыпқа қатысты сөздер мен тірек сөздердің мағынасын ашады	1	көп нүктенің орнына сөйлем мазмұнына сай қажетті сөзді орналастырады;	1 1 1
Тірек сөздерді қолданып, сюжетті суреттерге әңгіме құрастырады	2	мәтін мазмұнындағы ең маңызды 5 тірек сөзді анықтайды;	1
	3	тақырыпқа сай ауызша әңгіме құрастырады;	1 1
		әңгіме мазмұнында суреттер мен тірек сөздерді қолданады.	1
<b>Барлық балл</b>			<b>7</b>

**«Астана – мәдениет пен өнер ордасы», «Қуат көзін үнемдей білеміз бе?»  
ортақ тақырыбы бойынша жиынтық бағалаудың нәтижесіне қатысты  
ата-аналарға ақпарат ұсынуға арналған рубрика**

Білім алушының аты-жөні \_\_\_\_\_

Бағалау критерийі	Оқу жетістігі деңгейі		
	Төмен	Орта	Жоғары
Тақырыпқа қатысты сөздер мен тірек сөздердің мағынасын ашады	Көп нүктенің орнына сөйлем мазмұнына сай қажетті сөзді орналастыруда қиналады <input type="checkbox"/>	Көп нүктенің орнына сөйлем мазмұнына сай қажетті сөзді орналастыруда қателеседі <input type="checkbox"/>	Көп нүктенің орнына сөйлем мазмұнына сай қажетті сөзді орналастырады <input type="checkbox"/>
Тірек сөздерді қолданып, сюжетті суреттерге әңгіме құрастырады	Мәтін мазмұнындағы ең маңызды тірек сөздерді анықтауда, тақырыпқа сай ауызша әңгіме құрастыруда, әңгіме мазмұнында суреттер мен тірек сөздерді қолдануда қиналады <input type="checkbox"/>	Мәтін мазмұнындағы ең маңызды тірек сөздерді анықтауда, тақырыпқа сай ауызша әңгіме құрастыруда, әңгіме мазмұнында суреттер мен тірек сөздерді қолдануда қателеседі <input type="checkbox"/>	Мәтін мазмұнындағы ең маңызды тірек сөздерді анықтайды. Тақырыпқа сай ауызша әңгіме құрастырады. Әңгіме мазмұнында суреттер мен тірек сөздерді қолданады <input type="checkbox"/>

## Бөлім «Қазақстан қорықтары», «Менің туған өлкем өлеңдер мен прозада»

Сөйлеу әрекетінің түрлері

Оқылым  
Жазылым

Оқу мақсаты

6.3.1.1. Мәтіндегі негізгі және жанама ақпаратты анықтау, өмірдегі кейбір жағдаяттармен байланыстыру  
6.4.2.1. Эссе тақырыбының желісінен шықпай, әрбір абзацты жүйелі құрастырып, қажетті мазмұнын ашып жазу  
6.5.1.5. Етістіктің шақтарының (нақ осы шақ, ауыспалы осы шақ, жедел өткен шақ, ауыспалы келер шақ) қызметін білу, ауызша және жазба жұмыстарда қолдану

Бағалау критерийі

- Негізгі және жанама ақпараттарды өмірдегі жағдаяттармен байланыстырады
- Тақырыпқа сай құрылымы сақталған эссе жазады
- Эссе мазмұнында ауыспалы осы шақ пен жедел өткен шақты қолданады

Ойлау дағдыларының деңгейі

Жоғары деңгей дағдылары

Орындау уақыты

15-20 минут

Тапсырма

Төмендегі тапсырманы орындаңыз.

### Қазақстан қорықтары

«Қорық» сөзі – өте көне ұғым. Ол Киев Русінің тұсында аң аулауға қатаң тыйым салынған жерлерді белгілеу үшін қолданылған. Қорық – үкіметтің қорғауында болатын табиғи кешен, жер не су кеңістігі. Ол - сирек кездесетін тіршілік иелерін сол қалпында сақтауға арналған, ерекше қорғалатын табиғи аумақ. Қорықтың негізгі міндеті – қорғауға алынған ағзалардың гендік қорын сақтау және қалпына келтіру. Қорық аумағын шаруашылық мақсат үшін пайдалануға болмайды. Қорық - қорғалатын аумақ қана емес, сонымен қатар, табиғатты қорғау жөніндегі мемлекеттік ғылыми мекеме. Мұнда саны сиреп бара жатқан жануарлар мен азайып кеткен өсімдік түрлерін қалпына келтіру мәселесі терең зерттеледі. Қорықтағы табиғи ресурстарды сақтаудың жолдары белгіленеді.

Қазақстан қорықтар саны жөнінен ТМД-ға кіретін республикалар арасында 16-орын алады. Қазіргі кезде нақты 10 қорық жұмыс істейді. Бұлар, әрине, Қазақстан табиғаты үшін жеткіліксіз. Сондықтан болашақта ғалымдардың, табиғатты қорғау қоғамы өкілдерінің ұсынуымен тағы 15 қорық ұйымдастырылмақшы.

1. Мәтіннен негізгі ақпараттарды анықтаңыз.

Негізгі ақпараттар
1.
2.

2. Мәтіннен жанама ақпараттарды анықтаңыз.

Жанама ақпараттар	
1.	
2.	

3. «Қызыл кітап – тірі жан тимесін деп, Хайуанатқа берілген қызыл мандат», - деген Қадыр Мырза Әлі сөзін қалай түсінесіз? Ойыңызды айтып, шағын эссе жазыңыз. Эссе мазмұнында ауыспалы осы шақ пен жедел өткен шақты қолданыңыз.

Бағалау критерийі	Тапсырма №	Дескриптор	Балл
		Білім алушы	
Негізгі және жанама ақпараттарды өмірдегі жағдаяттармен байланыстырады	1	мәтіндегі 2 негізгі ақпаратты анықтайды;	1 1
		мәтіндегі 2 жанама ақпаратты анықтайды;	1 1
Тақырыпқа сай құрылымы сақталған эссе жазады	2	эссе құрылымын сақтап жазады	1
		кіріспе негізгі қорытынды	1 1 1
Эссе мазмұнында тақырыпты ашады;	3	эссе мазмұнында осы шақ пен жедел өткен шақты қолданады.	1
Барлық балл			9

**«Қазақстан қорықтары», «Менің туған өлкем өлеңдер мен прозада»  
ортақ тақырыбы бойынша жиынтық бағалаудың нәтижесіне қатысты  
ата-аналарға ақпарат ұсынуға арналған рубрика**

Білім алушының аты-жөні \_\_\_\_\_

Бағалау критерийі	Оқу жетістігі деңгейі		
	Төмен	Орта	Жоғары
Негізгі және жанама ақпараттарды өмірдегі жағдаяттармен байланыстырады	Мәтіндегі 2 негізгі, 2 жанама ақпаратты анықтауда қиналады <input type="checkbox"/>	Мәтіндегі 2 негізгі, 2 жанама ақпаратты анықтауда қателеседі <input type="checkbox"/>	Мәтіндегі 2 негізгі, 2 жанама ақпаратты анықтайды <input type="checkbox"/>
Тақырыпқа сай құрылымы сақталған эссе жазады	Тақырыпты ашуда, құрылымын сақтауда қиналады <input type="checkbox"/>	Тақырыпты ашуда, құрылымын сақтауда қателеседі <input type="checkbox"/>	Эссе мазмұны тақырыпқа сай, құрылымын сақтап жазады <input type="checkbox"/>
Эссе мазмұнында ауыспалы осы шақ пен жедел өткен шақты қолданады	Эссе мазмұнында осы шақ пен жедел өткен шақты қолдануда қиналады <input type="checkbox"/>	Эссе мазмұнында осы шақ пен жедел өткен шақты қолдануда қателеседі <input type="checkbox"/>	Эссе мазмұнында осы шақ пен жедел өткен шақты қолданады <input type="checkbox"/>



### 3-тоқсан бойынша жиынтық бағалауға арналған тапсырмалар Бөлім «Болашақ мамандықтары»

<b>Сөйлеу әрекетінің түрлері</b>	Тыңдалым Айтылым
<b>Оқу мақсаты</b>	6. 1.6.1 Тыңдалым материалдарының мазмұны негізінде шынайы өмірмен байланыстырып жауап беру 6.2.2.1. Тақырып бойынша диалогті бастау, жалғастыру, аяқтаудың ұлттық сөз әдебі мен сөйлеу этикеті формаларын білу
<b>Бағалау критерийі</b>	<ul style="list-style-type: none"><li>• Мәтін мазмұнын өмірмен байланыстырады</li><li>• Тақырыпқа қатысты диалог құрауда сөз әдебі мен сөйлеу этикеті формаларын қолданады</li></ul>
<b>Ойлау дағдыларының деңгейі</b>	Қолдану
<b>Орындау уақыты</b>	15-20 минут
<b>Тапсырма</b>	Төмендегі тапсырмаларды орындаңыз.

#### Жаңа ғасырдағы жаңа мамандықтар

XXI ғасыр өмірге түрлі жаңалықтар енгізіп қанай қоймай, жаңа мамандықтарды да ала келді. Адам баласы естіп-білмеген түрлі мамандықтар пайда болуда. Ол негізінен ақпараттық технологиялардың тез дамуына, қызмет көрсету саласының түрленуіне байланысты. Төменде келтірілген мамандық атаулары бірнеше жыл бұрын қолданыста болмаған, олардың атын естігенде қазіргі күннің өзінде «Сонда ол маман немен шұғылданады?» деген сауал туындайды. Бірақ дамып жатқан компаниялар бүгінде осындай мамандар іздеп жүр. Сонымен, жаңа ғасырдың жаңа мамандықтарына тоқталайық:

- **бренд-менеджер** - тауарды сатуды ғана емес, оның қалай өндірілетінін жақсы білетін маман;
- **логистик** - жүк тасымалын қадағалайтын маман;
- **промоутер** - компанияның өнімін сату, жарнамалау және өткізу жұмыстарымен шұғылданатын өкіл;
- **супервайзер** - сауда өкілдіктерінің жұмысын қадағалайтын, жаңа бағыттарды айқындайтын маман;
- **веб-мастер** - сайт жасаумен шұғылданатын маман;
- **копирайтер** - сайт үшін контент құрушы;
- **коучер** - қызметшілердің потенциалын өсіретін маман;
- **интервьюер** - әлеуметтік зерттеулер үшін сауалнама, сұхбат жүргізетін маман;
- **девелопер** - жылжымайтын мүлік саласында, оны жобалау және құрылысын жүзеге асырумен шұғылданатын маман;
- **сомелье** - мейрамханада сусындардың таратылуына жауапты кәсіби маман;
- **джобер** – оның жұмысы брокердің жұмысына ұқсайды, бірақ джобер акцияларды сатып алуға және сатуға өз ақшасын жұмсайды;
- **рецепшеонист** – тұтынушыларды қабылдау және келушілерді тіркеумен шұғылданатын маман.

Тізімдегі мамандықтарға анықтама қысқаша ғана берілген. Шын мәнінде, айталық, девелопердің жұмысы тек жоба жасап, оны сатумен ғана шектелмеуі мүмкін. Логистик те

солай. Бірақ бұл мамандықтарға деген сұраныс күннен күнге артып келе жатыр. Дегенмен бірқатар мамандықтардың атауы жаңа болғанымен, функциясы өзгерген жоқ. Мысалы, Javascript-программист мамандығы бұған дейін **веб-программист** деп аталатын. Бұрынғы бастықтар - **менеджер** болып шыға келді. Еден жуушылар - **хаус-киперге** айналды. Соған қарамастан жаңа мамандықтардың басым бөлігі - IT саласының дамуына байланысты пайда болған, тың кәсіптер.

1. Мамандықтар мен олардың қызметіне қысқаша түсініктеме беріңіз.

Мамандықтар	Қызметі
бренд-менеджер	
промоутер	
супервайзер	
интервьюер	
сомелье	
веб-мастер	
копирайтер	
девелопер	
рецепшеонист	

2. Қазіргі замандағы сұранысқа ие мамандықтар қандай? Оның себебін қалай түсіндіресіз?

3. Жұбыңызбен «Болашақ мамандықтары: кім боламын?» тақырыбында диалог құрастырыңыз. Диалогте сөз әдебі мен сөйлеу этикеті формаларын қолданыңыз.

Бағалау критерийі	Тапсырма №	Дескриптор	Балл
		Білім алушы	
Мәтін мазмұнын өмірмен байланыстырып айтады	1	мәтін мазмұны бойынша әр мамандықтың атқаратын қызметін бір сөйлеммен айтады;	1
			1
	2	сұранысы жоғары мамандықтар туралы ақпарат береді;	1
		мамандықтардың сұранысқа ие болу себептерін ашып көрсетеді;	1
Тақырыпқа қатысты диалог құрауда сөз әдебі мен сөйлеу этикеті формаларын қолданады	3	тақырып төңірегінде жұбымен диалогке қатысады;	1
		диалогте сөз әдебі мен сөйлеу этикеті формаларын қолданады.	1
<b>Барлық балл</b>			<b>7</b>

**«Болашақ мамандықтары» ортақ тақырыбы бойынша жиынтық бағалаудың нәтижесіне қатысты  
ата-аналарға ақпарат ұсынуға арналған рубрика**

Білім алушының аты-жөні \_\_\_\_\_

Бағалау критерийі	Оқу жетістігі деңгейі		
	Төмен	Орта	Жоғары
Мәтін мазмұнын өмірмен байланыстырып айтады	Мәтін мазмұны бойынша әр мамандықтың атқаратын қызметін, сұранысы жоғары мамандықтар мен олардың сұранысқа ие болу себептерін айтуда қиналады <input type="checkbox"/>	Мәтін мазмұны бойынша әр мамандықтың атқаратын қызметін, сұранысы жоғары мамандықтар мен олардың сұранысқа ие болу себептерін түсіндіруде қателеседі <input type="checkbox"/>	Мәтін мазмұны бойынша әр мамандықтың атқаратын қызметін, сұранысы жоғары мамандықтар мен олардың сұранысқа ие болу себептерін түсіндіреді <input type="checkbox"/>
Тақырыпқа қатысты диалог құрауда сөз әдебі мен сөйлеу этикеті формаларын қолданады	Тақырып төңірегінде жұбымен диалогке қатысуда, диалогте сөз әдебі мен сөйлеу этикеті формаларын қолдануда қиналады <input type="checkbox"/>	Тақырып төңірегінде жұбымен диалогке қатысуда, диалогте сөз әдебі мен сөйлеу этикеті формаларын қолдануда қателіктер жібереді <input type="checkbox"/>	Тақырып төңірегінде жұбымен диалогке еркін қатысады. Диалогте сөз әдебі мен сөйлеу этикеті формаларын қолданады

**Бөлім «Қазақстан және Ұлы Жібек жолы», «Жер байлығына аяулы көзқарас»,  
«Олимпиада жеңімпаздары – Қазақстан мақтанышы»**

<b>Сөйлеу әрекетінің түрлері</b>	Оқылым Жазылым
<b>Оқу мақсаты</b>	6.3.3.1. Орта көлемді шығармаларды түсіну, тақырыбы мен негізгі ойды анықтау 6.4.4.1. Мәліметтерді жинақтай отырып, тақырып бойынша постер, сызба-кестелер жасау
<b>Бағалау критерийі</b>	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Мәтін мазмұнына сай тақырып қояды, негізгі ойды анықтайды</li> <li>• Тақырып бойынша мәліметтерді жинақтап, постер, сызба-кесте жасайды</li> </ul>
<b>Ойлау дағдыларының деңгейі</b>	Қолдану
<b>Орындау уақыты</b>	15-20 минут

**Тапсырма**

Төмендегі тапсырмаларды орындаңыз.

Ұлы Жібек Жолы – Қытай жерінен басталып, Қиыр Шығыс пен Еуропа елдеріне беттеген керуен жолы. Бұл жолдың басым бөлігі Орта Азия мен Қазақстан жерінің үстімен өтті. Жібек Жолы б.з.д III ғасырда сауда магистралі ретінде пайда болып, XVI ғасырға дейін қызмет етті. Жібек Жолының бойында орналасқан көне қалалар бірталай соғыс, өрт, аштық, апат-ойрандардың куәсі болды. Ұлы Жібек Жолы арқылы тек сауда жүйесі дамып қана қоймай, Шығыс пен Батыс өркениеті тоғысып, мәдениет және дипломатиялық қарым-қатынас орнады. VI-VII ғасырларда Қытайдан бастау алған керуен Жетісу мен Оңтүстік Қазақстан даласын кесіп өтетін. Отырар, Тараз, Сайрам (Испиджаб), Түркістан (Яссы), Суяб, Баласағұн секілді көне қалалар тек сауда ғана емес, мәдениет және ғылым орталықтары болды.

Ертеде Тараз қаласындағы сауда базарын көргендер «Тараз базары – әлем айнасы» дейтін. Себебі бұл жақта кез келген дүниені айырбастауға, сату мен сатып алуға болатын. Мыстан жасалған тұрмыстық бұйымдар мен қару-жарақтар, киім-кешек пен ер-тұрмандар саудаға түсетін. Отырар алқабына жүз елуден астам кішкентай қалалар кіретін. Бұл елді мекен қорған сарайларға бай болатын. Саудамен қатар, бұл аймақта білім мен ғылым саласы дамыды. Түркістан (Яссы) ертеден «екінші Мекке» деп аталып кеткен. Бүгінгі таңда көне қала әлемдік туризм орталығына айналды. Суяб пен Баласағұн қалаларында жыл сайын кең көлемде сауда жәрмеңкелері өткізілетін. Әртүрлі елден жиналған саудагерлер бас қосып, сауда қарым-қатынасын орнататын.

1. Берілген ақпараттардың ішінен мәтін мазмұнына сай келетін 2 дұрыс тұжырымды анықтаңыз.

Ақпараттар	Дұрыс	Бұрыс
Көне Түркістан қаласы қазір туризм аймағы.		
Жібек жолы - Батыс пен Шығыстың арасын жалғаған сауда жолы.		
Отырар базарларында тауарларды сатуға, айырбас жасауға болады.		

2. Мәтінге ат қойып, идеясын анықтаңыз.

Мәтіннің тақырыбы (сөз тіркесі)	Мәтіннің идеясы (1сөйлем)

3. «Қазақстандағы жер байлығы» тақырыбында берілген мәтіннен мәліметтер жинақтап, постер не сызба-кесте жасаңыз.

Қасиетті туған жердің тау тасы да, топырағы да, талға біткен жасыл жапырағы да қымбат. Осыншама бағасы, құны байлықпен өлшенбейтін жасыл белдерді, асқар тауларды сүймеу мүмкін емес. Асыл армандарымызды әрқашан туған жермен байланыстырамыз. Себебі туған жер ол біздің ой өлшемiмiз бойынша тарихы терең отанымыздың белгiсi. Жер ана - қасиеттi туған жер. Ол - бiздiң тылсым тарихымыз. Туған жер топырағын иiскеуге зар болыр кеткен боздақтар қанша ма?! Туған жер үшiн соғысқа түсiп туған жер топырағы бұйырмаған қандастарымыз қанша ма?!

Қазақстан бүгiнде жер асты да, үстi де байлыққа кенелген тәуелсiз ел. Жерi байдың елi бай деген осы болар. Елiмiз тұғырлы мемлекеттер қатарынан көрiнсiн.

Бағалау критерийi	Тапсырма №	Дескриптор	Балл
		Бiлiм алушы	
Мәтiн мазмұнына сай тақырып қояды, негiзгi ойды анықтайды	1	мәтiн мазмұнына сай келетiн 2 тұжырымды анықтайды;	1 1
	2	мәтiн тақырыбын анықтайды;	1
		негiзгi ойды анықтайды;	1
Тақырып бойынша мәлiметтердi жинақтап, постер, сызба-кесте жасайды	3	тақырып бойынша мазмұнды постер не сызба-кесте жасайды;	1 1
		мәтiндегi ақпараттарды қолданады.	1
<b>Барлық балл</b>			<b>7</b>

**«Қазақстан және Ұлы Жібек жолы», «Жер байлығына аяулы көзқарас», «Олимпиада жеңімпаздары – Қазақстан мақтанышы» ортақ тақырыбы бойынша жиынтық бағалаудың нәтижесіне қатысты ата-аналарға ақпарат ұсынуға арналған рубрика**

Білім алушының аты-жөні \_\_\_\_\_

Бағалау критерийі	Оқу жетістігі деңгейі		
	Төмен	Орта	Жоғары
Мәтін мазмұнына сай тақырып қояды, негізгі ойды анықтайды	Мәтін мазмұнына сай келетін 2 тұжырымды, тақырыбын, негізгі ойды анықтауда қиналады <input type="checkbox"/>	Мәтін мазмұнына сай келетін 2 тұжырымды, тақырыбын, негізгі ойды анықтауда қателеседі <input type="checkbox"/>	Мәтін мазмұнына сай келетін 2 тұжырымды, тақырыбын, негізгі ойды анықтайды <input type="checkbox"/>
Тақырып бойынша мәліметтерді жинақтап, постер, сызба-кесте жасайды	Тақырып бойынша постер жасауда, өткен ақпараттарды қолдануда қиналады <input type="checkbox"/>	Тақырып бойынша постер жасауда, өткен ақпараттарды қолдануда қателеседі <input type="checkbox"/>	Тақырып бойынша мазмұнды постер жасайды, ақпараттарды қолданады <input type="checkbox"/>

#### 4-тоқсан бойынша жиынтық бағалауға арналған тапсырмалар

##### Бөлім «Абайды оқы, таңырқа!», «Өлкені сипаттау өнері»

<b>Сөйлеу әрекетінің түрлері</b>	Тыңдалым Айтылым
<b>Оқу мақсаты</b>	6.1.5.1. Тірек сөздер, жетекші сұрақтар, мәтін тақырыбы арқылы негізгі ойды анықтау 6.2.6.1. Тірек сөздерге сүйеніп, сюжетті суреттердің желісі бойынша әңгіме құрастыру
<b>Бағалау критерийі</b>	<ul style="list-style-type: none"><li>Негізгі ойды тірек сөздер, жетекші сұрақтар, мәтін тақырыбы арқылы анықтайды</li><li>Тірек сөздерді қолданып, сурет бойынша әңгіме құрастырады</li></ul>
<b>Ойлау дағдыларының деңгейі</b>	Қолдану
<b>Орындау уақыты</b>	15-20 минут


#### Тапсырма

Төмендегі тапсырмаларды орындаңыз.

##### Абай «Жаз»

Жаздыгүн шілде болғанда, Көгорай шалғын, бәйшешек Ұзарып өсіп толғанда, Күркіреп жатқан өзенге Көшіп ауыл қонғанда. Шұрқырап жатқан жылқының Шалғыннан жоны қылтылдап, Ат, айғырлар, биелер Бүйірі шығып, ыңқылдап, Суда тұрып шыбындап, Құйрығымен шылпылдап, Арасында құлын-тай Айнала шауып бұлтылдап, Жоғары-төмен үйрек, қаз Ұшып тұрса сымпылдап.	Қыз-келіншек үй тігер, Бұрала басып былқылдап, Ақ білегін сыбанып, Әзілдесіп сынқылдап. Сабадан қымыз құйдырып, Ортасына қойдырып Жасы үлкендер бір бөлек Әзілдесіп сылқылдап. Көлеңке қылып басына, Кілем төсеп астына, Салтанатты байлардың Самаурыны бұрқылдап. Мылтық атқан, құс салған. Жас бозбала бір бөлек Су жағалап қутындап.
---	---

1. Мәтіннен жаз мезгілінің сипатын білдіретін 3 тірек сөзді жылқының аяқтарына жазыңыз. Өлеңдегі негізгі ойды жылқының денесіне жазыңыз.



2. Сұрақтарға өлең мазмұны бойынша жауап беріңіз.

Сұрақ	Жауап
Үлкендер немен айналысады?	
Қыз-келіншектер үйді қандай көңіл күймен тігеді?	
Бозбалалар жазда немен айналысады?	

3. Суреттер бойынша «Жаз мезгіліндегі жайлаудағы демалыс» тақырыбында әңгіме құрастырыңыз.

*Тірек сөздер:* жайлауға көшу, киіз үй тігу, өзенге шомылу, аққулар, мол дастарқан, самаурын қайнату, әңгіме-дүкен құру, қой бағу, атқа міну





Бағалау критерийі	Тапсырма №	Дескриптор	Балл
		Білім алушы	
Негізгі ойды тірек сөздер, жетекші сұрақтар, мәтін тақырыбы арқылы анықтайды	1	жаз мезгілінің сипатын танытатын 3 тірек сөзді анықтайды;	1 1 1
		өлеңдегі негізгі ойды 1 сөйлеммен жеткізеді;	1
	2	сұрақтарға өлең мазмұны бойынша жауап береді;	1 1 1
		Тірек сөздерді қолданып, сурет бойынша әңгіме құрастырады	1 1
3	сурет пен тірек сөздердің көмегімен әңгіме құрастырады;	1 1	
	әңгіме құрылымын сақтайды.	1	
<b>Барлық балл</b>			<b>10</b>

**«Абайды оқы, таңырқа!», «Өлкені сипаттау өнері» ортақ тақырыбы бойынша жиынтық бағалаудың нәтижесіне қатысты ата-аналарға ақпарат ұсынуға арналған рубрика**

Білім алушының аты-жөні \_\_\_\_\_

Бағалау критерийі	Оқу жетістігі деңгейі		
	Төмен	Орта	Жоғары
Негізгі ойды тірек сөздер, жетекші сұрақтар, мәтін тақырыбы арқылы анықтайды	Өлең мазмұнында жаз мезгілін сипаттайтын тірек сөздерді анықтауда, өлеңдегі негізгі ойды жеткізуде, сұрақтарға өлең мазмұны бойынша жауап беруде қиналады <input type="checkbox"/>	Өлең мазмұнында жаз мезгілін сипаттайтын тірек сөздерді анықтауда, өлеңдегі негізгі ойды жеткізуде, сұрақтарға өлең мазмұны бойынша жауап беруде қателеседі <input type="checkbox"/>	Өлең мазмұнында жаз мезгілін сипаттайтын тірек сөздерді анықтайды. Өлеңдегі негізгі ойды жеткізеді. Сұрақтарға өлең мазмұны бойынша жауап береді <input type="checkbox"/>
Тірек сөздерді қолданып, сурет бойынша әңгіме құрастырады	Сурет пен тірек сөздердің көмегімен құрылымы сақталған әңгіме құрастыруда қиналады <input type="checkbox"/>	Сурет пен тірек сөздердің көмегімен құрылымы сақталған әңгіме құрастыруда қателеседі <input type="checkbox"/>	Сурет пен тірек сөздердің көмегімен құрылымы сақталған әңгіме құрастырады <input type="checkbox"/>

## Бөлім «Қазақ ұлттық қолөнері», «Саяхат және туризм»

<b>Сөйлеу әрекетінің түрлері</b>	Оқылым Жазылым
<b>Оқу мақсаты</b>	6.3.6.1 - тақырып бойынша үйренген сөздерін қолдана отырып, мәтінде көтерілген мәселені шынайы өмірмен байланыстыру 6.4.2.1 - эссе тақырыбының желісінен шықпай, әрбір абзацты жүйелі құрастырып, қажетті мазмұнын ашып жазу
<b>Ойлау дағдыларының деңгейі</b>	Жоғары деңгей дағдылары
<b>Бағалау критерийі</b>	<ul style="list-style-type: none"><li>Негізгі мәселені өмірмен байланыстыруда тақырыпқа қатысты сөздерді қолданады</li><li>Тақырыпқа қатысты құрылымы сақталған эссе жазады</li></ul>
<b>Орындау уақыты</b>	15-20 минут

### Тапсырма

Төмендегі тапсырмаларды орындаңыз.

Тілші:

- Шиелілік қыз-келіншектер соңғы кездері жоғалып бара жатқан киіз басу өнерін қайта жаңғыртып, жүннен қолөнер бұйымдарын жасай бастады. Қолдан жасалған бағалы бұйымдар ЭКСПО -2017 халықаралық көрмесінде туристер назарына ұсынылмақ.

Шетелдік қонақтарды қызықтыратын да осы қолдан жасалған қолөнер бұйымдары. Әсіресе, ұлттық нақышта дайындалған кәдесыйларға деген сұраныс жоғары.

Айжан Беккұлова, Қазақстан қолөнершілер одағының төрайымы:

- Әрине, тек сыйлық ретінде ғана емес, сондай-ақ тұрмысқа қажетті текемет, қамзол, көйлек, етік, қолғаптардың да сан түрін жасауға болады. Қазір қолдан жасалған экологиялық таза заттарға сұраныс жоғары. Сондықтан да біз Қызылордада туризм саласын дамытуға жұмыс жасап жатырмыз. Әуелі қыз-келіншектерді оқытып, үйретіп алмақпыз. Сонан соң дайын өнімдерді көрмеге қою, сайттарға шығару, сату жұмыстарымен айналысамыз. Маған тренингке қатысып жатқан қыздардың белсенділігі өте ұнады. Барлығының да қызығушылықтары мол, ерекше ынта-жігермен іске кірісіп кетеді. Қазақы дәстүрді жалғастырып, жүннен қолөнер бұйымдарын жасау – өте маңызды кәсіп.

1. Мәтін мазмұны бойынша 2 сұрақ құрастырыңыз.

Сұрақтар
1.
2.

2. Мәтіндегі негізгі мәселені анықтаңыз.

3. «Ұлттық қолөнерді қайта жаңғыртудың тиімді жолдары қандай?» деген тақырыпта эссе жазыңыз.

Бағалау критерийі	Тапсырма №	Дескриптор	Балл
		Білім алушы	
Негізгі мәселені өмірмен байланыстыруда тақырыпқа қатысты сөздерді қолданады	1	мәтін мазмұны бойынша 2 сұрақ құрастырады;	1 1
	2	мәтіндегі мәселені анықтап, бір сөйлеммен береді;	1
Тақырыпқа қатысты құрылымы сақталған эссе жазады	3	эссе құрылымын сақтайды;	1 1 1
		эссе мазмұнын тақырыпқа сай жазады.	1 1
<b>Барлық балл</b>			<b>8</b>

**«Қазақ ұлттық қолөнері», «Саяхат және туризм» ортақ тақырыбы бойынша жиынтық бағалаудың нәтижесіне қатысты  
ата-аналарға ақпарат ұсынуға арналған рубрика**

Білім алушының аты-жөні \_\_\_\_\_

Бағалау критерийі	Оқу жетістігі деңгейі		
	Төмен	Орта	Жоғары
Негізгі мәселені өмірмен байланыстыруда тақырыпқа қатысты сөздерді қолданады	Мәтін мазмұнына сай 2 сұрақ құрастыруда, негізгі мәселені анықтауда қиналады <input type="checkbox"/>	Мәтін мазмұнына сай 2 сұрақ құрастыруда, негізгі мәселені анықтауда қателеседі <input type="checkbox"/>	Мәтін мазмұнына сай 2 сұрақ құрастырады, негізгі мәселені анықтап, бір сөйлеммен береді <input type="checkbox"/>
Тақырыпқа қатысты құрылымы сақталған эссе жазады	Эссе құрылымын сақтауда қиналады <input type="checkbox"/>	Эссе құрылымын сақтауда қателеседі <input type="checkbox"/>	Эссе құрылымын, тақырыбын сақтайды <input type="checkbox"/>